

**Қобда ауданында жер салығының мөлшерлемелерін және пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 наурыздағы № 148 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Қобда аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 9 сәуірде № 3-7-162 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2020 жылғы 16 наурыздағы № 303 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 16.03.2020 № 303 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 509 бабының 5 тармағына және 704 бабының 3 тармағына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Қобда аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қобда ауданында Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге арттырылсын.

2. Қобда аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Қобда аудандық мәслихатының 2016 жылғы 24 наурыздағы № 11 "Қобда ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4839 тіркелген, 2016 жылдың 12 сәуірде "Әділет" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі;

2) Қобда аудандық мәслихатының 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 48 "Қобда ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының

мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" 2016 жылғы 24 наурыздағы № 11 аудандық мәслихатының шешіміне толықтыру енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 5172 тіркелген, 2016 жылдың 30 желтоқсанда "Әділет" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі.

3. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қобда ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихатының  
сессия төрағасы*

*Г. Балгарина*

*Аудандық мәслихатының хатшысы*

*Ж. Ерғалиев*